



Павлодар мемлекеттік педагогикалық  
университетінің ғылыми журналы  
Научный журнал Павлодарского государственного  
педагогического университета

---

*2001 жылдан шығады*  
*Издается с 2001 года*

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

# БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА

## БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА

### СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации  
№9077-Ж

выдано Министерством культуры, информации Республики Казахстан  
25 марта 2008 года

Журнал издается 4 раза в год. Публикуются статьи естественно-научного направления  
на каз., рус. и англ. языках.

---

---

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

#### *Главный редактор*

Б.К. Жумабекова, доктор биологических наук  
(Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар)

#### *Ответственный секретарь*

М.Ю. Клименко  
(Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар)

#### *Члены редакционной коллегии*

Н.А. Айтхожина, доктор биологических наук, профессор  
(Институт молекулярной биологии им. М.А. Айтхожина МОН РК, г. Алматы)

К.У. Базарбеков, доктор биологических наук, профессор  
(Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар)

И.О. Байтулин, доктор биологических наук, академик НАН РК  
(Институт ботаники и фитоинтродукции МОН РК, г. Алматы)

В.Э. Березин, доктор биологических наук, профессор  
(Институт микробиологии и вирусологии МОН РК, г. Алматы)

Р.И. Берсимбаев, доктор института клеточной биологии и биотехнологии,  
зав. лабораторией молекулярной генетики (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)  
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы)

А.Г. Карташев, доктор биологических наук, профессор  
(Томский университет систем управления и радиоэлектроники, г. Томск)

С. Мас-Кома, доктор биологических наук, профессор  
(Университет Валенсии, Испания)

Ж.М. Мукатаева, доктор биологических наук  
(д.б.н., профессор кафедры общей биологии и геномики ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

П.С. Панин, доктор биологических наук профессор, академик РАН  
(Семипалатинский государственный педагогический институт, г. Семей)

И.Р. Рахимбаев, доктор биологических наук, профессор  
чл.-корр. НАН РК (Институт физиологии,  
генетики и биоинженерии растений МОН РК, г. Алматы)

А.В. Суров, доктор биологических наук  
(Институт проблем экологии и эволюции им. А.Н. Северцова РАН, г. Москва, Россия)

Н.Е. Тарасовская, доктор биологических наук  
(Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар)

Ж.К. Шаймарданов, доктор биологических наук, профессор  
(Восточно-Казахстанский государственный технический университет  
им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск)

#### *Технический секретарь*

Г.С. Салменова

---

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Биологические науки Казахстана» обязательна.

© ПГПУ

# МАЗМҰНЫ

## **БОТАНИКА**

<b>Г. Маденали</b> <b>А. Таскын</b>	<i>Қазақстандағы ағаш-бұта өсімдіктерінің ауру қоздырғыш саңырауқұлақтарын зерттеу</i>	<b>6</b>
<b>Г. Маденали</b> <b>А. Таскын</b>	<i>Ірі өндіріс қалаларындағы ағаш-бұталардың фитопатогенді саңырауқұлақтарының түрлік құрамы</i>	<b>14</b>
<b>Г.Т. Дүйсенова</b> <b>Б.С. Атабаева</b> <b>А.Ж. Сабырхан</b> <b>А.Б. Ермаханова</b> <b>С.С. Ануарбекова</b>	<i>Қант қызылшасының ауру тугызатын микроагзалары</i>	<b>21</b>
<b>Д.К-К. Шакенева</b>	<i>Latiacea l. отбасының тұқымның кейбір түрлерінің эпидермалық бездері</i>	<b>32</b>

## **ЗООЛОГИЯ**

<b>Ж.М. Сатыбалдиева</b> <b>А.Р. Рустенов</b> <b>Н.Ж. Елжугалиева</b>	<i>Мұнай-газ кенорны аймағындағы қаргатектестердің орнитифаунасы</i>	<b>38</b>
<b>Г.К. Тулиндинова</b> <b>К.Ж. Баймурзина</b>	<i>Студенттерге зоология курсының оқытуында жүйелік тәсілдемені қолдану</i>	<b>46</b>

## **МИКРОБИОЛОГИЯ**

<b>Ц.Д.-Ц. Корсунова</b> <b>Н.Д. Балданов</b>	<i>Селенга өзенінің сағасындағы аллювиальды жайылымдық және жайылымдық-батпақтық топырақтардың микробиологиялық көрсеткіштері мен гумин қышқылдары</i>	<b>55</b>
--	--	-----------

## **ЭКОЛОГИЯ**

<b>Б.К. Жумабекова</b> <b>С.Б. Букурова</b> <b>Г.К. Тулиндинова</b>	<i>Көптілді білім беру аясында молекулярлық биология оқу құралы бойынша 9 сыныпта сабақ жүргізудің ұсынымдары</i>	<b>61</b>
---	---	-----------

<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ</b> <b>МӘЛІМЕТТЕР</b>		<b>68</b>
---	--	-----------

<b>АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН</b> <b>ЕРЕЖЕЛЕР</b>	<i>«Қазақстанның биологиялық ғылымдары» авторларға арналған ережелері</i>	<b>74</b>
---	---	-----------

# СОДЕРЖАНИЕ

## **БОТАНИКА**

Г. Маденали А. Таскын	<i>Исследование фитопатогенных грибов деревьев-кустарников в Казахстане</i>	6
Г. Маденали А. Таскын	<i>Видовой состав фитопатогенных грибов деревьев-кустарников в крупных производственных городах</i>	14
Г.Т. Дюсенова Б.С. Атабаева А.Ж. Сабырхан А.Б. Ермаханова С.С. Ануарбекова	<i>Микроорганизмы, вызывающие болезни сахарной свеклы</i>	21
Д.К-К. Шакиева	<i>Эфиромасличные железки эпидермы листьев некоторых видов семейства <i>latiaceae l.</i></i>	32

## **ЗООЛОГИЯ**

Ж.М. Сатыбалдиева А.Р. Рустенов Н.Ж. Елугалиева	<i>Орнитофауна врановых птиц на территории нефто-газового месторождения</i>	38
Г.К. Тулиндинова К.Ж. Баймурзина	<i>Применение системного подхода при изучении курса зоологии</i>	46

## **МИКРОБИОЛОГИЯ**

Ц.Д.-Ц. Корсунова Н.Д. Балданов	<i>Микробиологические показатели и гуминовые кислоты аллювиальных луговых и лугово-болотных почв дельты р. селенги</i>	55
------------------------------------	--	----

## **ЭКОЛОГИЯ**

Б.К. Жумабекова С.Б. Букурова Г.К. Тулиндинова	<i>Методические рекомендации к проведению урока в 9 классе по учебному пособию молекулярной биологии в рамках полиязычного образования</i>	61
--	--	----

<b>СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ</b>		68
--------------------------------	--	----

<b>ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ</b>	<i>Правила для авторов журнала «биологические науки Казахстана»</i>	74
--------------------------------	---	----

# CONTENTS

## **БОТАНИКА**

- G. Madenaly**  
**A. Taskyn** *The study of phytopathogenic fungi of the trees-bushes in Kazakhstan* 6
- G. Madenaly**  
**A. Taskyn** *Species composition of phytopathogenic fungi of bush trees in major industrial cities* 14
- G.T. Dyussenova**  
**B.S. Atabaeva**  
**A.Zh. Sabyrhan.**  
**A.B. Ermahanova**  
**S.S.Anuarbekova** *Microorganisms causing diseases of sugar beet* 21
- D. Shakeneva** *Essential diagnosis epidermes of leaves of some species of the family lamiaceae l.* 32

## **ЗООЛОГИЯ**

- G.M. Satibaldieva**  
**A.R. Rustenov**  
**N.G. Eleygalieva** *Ornithifauna of corvids on the territory of an oil and gas field* 38
- G.K. Tulindinova.**  
**K.Zh. Baymurzina** *Application of a system approach to the study of the zoology course* 46

## **МИКРОБИОЛОГИЯ**

- TS.D.-TS. Korsunova**  
**N.D. Baldanov** *Humic acids of alluvial meadow and meadow-marshy soils of the selenga river delta* 55

## **EKOLOGY**

- B.K. Zhumabekova**  
**S.B. Bukurova**  
**G.K. Tulindinova** *Methodical recommendations for 9 grade on the molecular biology textbook in the framework of multilingual education* 61

- INFORMATION** 68  
**ABOUT AUTHORS**

- GUIDELINES FOR** *Order of reviewing of articles of the magazine Review Format* 74  
**AUTHORS**

МРНТИ: 34.29.15

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҒАШ-БҰТА ӨСІМДІКТЕРІНІҢ АУРУ ҚОЗДЫРҒЫШ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Г. Маденали, А. Таскын

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет, Павлодар қ.*

*Төмендегі мақалада Қазақстандағы ағаш-бұта өсімдіктерінің ауру қоздырғыш саңырауқұлақтарын зерттеуге әдеби шолу жасалған. Қаладағы ауаны әртүрлі зиянды қоспалардан тазартуда, оттегімен байыта түсуде, жаздың ыстық аптаптарында ауаның ылғалын арттырып, көлеңкені көбейтуде, шуылды бәсеңдетуде, жалпы қаланың сәнін келтіріп, көркін ашуда жасыл желектің алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда елді мекендердің, әсіресе ірі қалалардың құрылысын жоспарлағанда оларға қатаң экологиялық талаптар қойылады. Мұның ең бастыларының біріне жан-жақты ғылыми тұрғыдан ойластырылған көгалдандыру жұмыстары жатады. Қаладағы сан-алуан ағаш-бұталардың, сәндік гүлді өсімдіктердің адам игілігіне ұзақ жыл қызмет етуі үшін оларды тек тиісті дәрежеде күтіп-баптап қана қоймай, әртүрлі аурулар мен зиянкестерден қорғап отыру қажет. Ол үшін өсімдіктің түріне, жасына, тіршілік ортасына қарай ондағы зиянды организмдердің түрлік құрамын, пайда болу, таралу ерекшеліктерін, зияндылық деңгейін анықтаудың маңызы зор.*

*Түйінді сөздер: фитопатогенді саңырауқұлақтар, микромицеттер, ағаш-бұта*

Жер бетін мекен ететін алуан түрлі тірі организмдерішінде елеулі орынды саңырауқұлақтар алады. Саңырауқұлақтар адам баласы назарының

ежелден бергі объектілерінің бірі [1]. Олар күрделі органикалық заттарды ыдыратушылар ғана емес, сонымен қатар биологиялық активті заттарды, витаминдерді, тағамдық белоктарды синтездеушілер және де адам, жануарлар және өсімдіктердің әртүрлі жұқпалы ауруларын қоздырушылар болып табылады.

Әлемдік микология мен фитопатология саласында М.С. Ворониннің талантты шәкірті А.А. Ячевскийдің [2] көп еңбек еткені белгілі. (1863-1932). Ол жариялаған 500 тарта ғылыми жұмыстың басым бөлігі ағаш бұта өсімдіктерінің фитопатогенді саңырауқұлақтарына арналған.

Орман фитопатологиясының жеке ғылым болып өсуіне, дамуына С.И. Ванниннің [3] қосқан еңбегі зор. Ол жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтың және де орман фитопатологиясына арналған көптеген жұмыстардың авторы.

Қазақстанның саңырауқұлақтары туралы алғашқы мәліметтерді А.Е. Регель [4,5] мен Д.М. Сорокиннің [6] жұмыстарынан көруге болады. Олар жалпы ботаникалық гербарилер жинаумен қатар ауруға шалдыққан өсімдіктерді де жинаған. Орта Азияның микрофлора-

сына қатысты материалдар Н.Г.Запрометов [7] пен П.Н. Головиннің [8,9] жұмыстарында келтірілген. Н.Г. Запрометов 767 саңырауқұлақ түрлерін жинап, анықтаған олардың 246 түрі Қазақстан жерінен табылған. Жиналған материалдарды зерттей келіп, Запрометов Орта Азия микрофлорасының қалыптасуына физикалық-географиялық жағдайдың үлкен әсер ететіндігін дәлелдеді.

Қазақстанның саңырауқұлақтары туралы көптеген мәліметтерді К.Е. Мурашкинский мен М.К. Зилингтің жұмыс-тарынан кездестіреміз [10,11].

К.Е. Мурашкинскийдің жұмыстары өсімдіктер мен паразитті саңырауқұлақтар және қоршаған орта арасындағы патологиялық-экологиялық қарым-қатынастарды зерттеуге басты көңіл аударған.

Қазақстанның ормандары алқаптарында және оның ішінде солтүстік Тянь-Шань тауларында өсетін ағаш және бұта өсімдіктерінің фитопатологиялық жағдайын зерттеу барысында [12, 13, 14, 15]. Б.И. Кравцев саңырауқұлақтардың ауқымды түрлерін жинады.

Қазақстанда саңырауқұлақтарды зерттеу жұмыстары ботаникалық экспедиция жұмыстарының тарихымен тікелей байланысты. Саңырауқұлақтар алғашқы уақытта жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді жинау барысында жол жөнекей жиналса, кейіннен арнаулы экспедициялар ұйымдастырудың арқа-

сында әртүрлі топқа жататын көптеген саңырауқұлақ түрлері жиналады. Айталық, саңырауқұлақтарды арнайы зерттеу жұмыстары 1930 жылдардан бастап тыңғылықты және жан-жақты жоспарлы түрде жүргізіле бастады. Мұндай жұмыстардың қатарына Г.С. Неводовскийдің (1956), С.Р. Шварцманның Б.К. Қалымбетовтың (1969), т. б. жатады. Жиналған материалдар алғашында жекеленген мақалалар түрінде жарық көрсе, соңында «Флора споровых растений Казахстана» (1964) деген 13 томды еңбекке айналды.

Қазақстанның микрофлорасын 1930-1939 жылдар арасында Г.С. Неводовский зерттеп, онда 1522 саңырауқұлақтардың түрі кездесетінін анықтаған. Оның ішінде 874 түрі жетілмеген саңырауқұлақтар тобына, 545 түрі аскомицеттерге, ал қалғандары басқа жүйелік топтарға жататынын көрсетеді [16, 17, 18].

С.Р. Шварцман «Грибные болезни древесных пород Казахстана и меры борьбы с ними» (1950), «Материалы к истории микрофлоры Казахстана» (1962) атты еңбектерінде Қазақстан микрофлорасына ландшафтық-географиялық тұрғыда жан-жақты сипаттамалар берген [19, 20, 21, 22]. Сондай-ақ ол бір ғана өсімдік түрінде бірнеше саңырауқұлақ түрлерінің кездесетінін көрсетеді. Мысалы сібір самырсынында (*Abies sibirica* Lideb) саңырауқұлақтың 150 түрі, кәдімгі қарағайда (*Pinus silvestris* L.) – 25 түрі (1946, 1950, 1951, 1955), грек

жаңғағында (*Juglans fallax* Dode) – 29 түрі (1956), қайың (*Betula* L.) түрлерінде – 100-ге тарта түрі (1955) кездесетінін келтірген.

Б.К. Қалымбетов қазақтың тұңғыш ғалым микологі. Ол «Флора споровых растений Казахстана» атты көп томдық еңбектің үш томының авторларының бірі [23, 24, 25, 26]. «Іле алатауының микрофлорасы», «Оңтүстік Батыс Түркістанның микрофлорасы» атты монографияларында 2000-дай саңырауқұлақ түрлері мен формацияларына анықтама береді және саңырауқұлақтардың 50-ден астам жаңа түрін ашқан. Әртүрлі жүйелік топтарға жататын саңырауқұлақ компоненттерінің таралу ерекшеліктерін, олардың қандай өсімдік түрлерінде кездесетінін анықтаған. Жиналған саңырауқұлақтардың 60% астамы мәдени және жабайы өсімдіктердің паразиттері екенін және әртүрлі жыл мезгілдеріне сай олардың өзгерістерін анықтап, өзі жинаған 1678 саңырауқұлақ түрі, 2 вариациясы мен 221 формаларының 407-ден астам өсімдіктер түрлерінде паразитті тіршілік ететінін көрсетеді.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарындағы қызықты микологиялық зерттеулердің қатарына көктеректің жапырағынан (*Populus tremula* L.) Н.М. Леонованың [27, 28] анықтаған саңырауқұлақтарын жатқызуға болады.

Ақтөбе облысының микрофлорасын зерттеу қорытындылары бойынша Н.Ф. Писарева [29]. саңырауқұлақтар-

дың 110 туысқа, 29 тұқымдасқа және 16 қатарға жататын 350 түрін келтіреді.

Орталық Қазақстанда Қарағанды облысының жерін зерттеу барысында М.П. Васягина [30, 31, 32] саңырауқұлақтардың 23 туысқа, 28 тұқымдасқа, 17 қатарға жататын 313 түрін анықтаған.

М.Н. Кузнецов [33] қарағаштан (*Ulmus pinnato – ramosa* Dieck) ақұнтақ саңырауқұлақтарының *Uncinula ulmi* Kurnetzova атты жаңа түрін анықтады.

Шу-Іле тауларын зерттеген З.М. Бызова [34] саңырауқұлақтардың 500-ге тарта түрін келтіреді. Оның ішінде 90 түрін анықталмаған түр (sp.) ретінде келтірілген. Сонымен, 1930 жылдан 1958 жылдар аралығында көптеген микологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, бір қатар облыс аймақтары зерттеліп, көптеген жаңа материалдар жиналады. Мұндай экспедицияларға жоғарыда аталған ғалымдардан басқа да Қазақстанның белгілі микологтары М. Таргенова [35, 36], Л.Д. Казенас [37, 38, 39, 40, 41], В.К. Матвеева [42, 43, 44], және тағы басқа ғалымдар қатынасады. Дегенмен жиналған материалдарды жеткілікті деуге әлі де ертерек. Біріншіден, Қазақстанның барлық облыс аймақтары бірдей толық әрі жан-жақты қамтылып зерттелмеген. Екіншіден, түр ерекшеліктеріне қарай саңырауқұлақтардың жылдың әртүрлі маусымында өсетіндігі ескеріліп, осыған сай экспедициялар әртүрлі маусымдық жағдайларды қамти алмады.



Алайда бұл бүгінге дейін жиналған материалдар Қазақстанда кездесетін саңырауқұлақтардың жалпы алуан түрлілігін, флоралық тұрғыда бай, әртүрлі экологиялық жағдайларда кең таралғанын көрсетеді.

Қолдан отырғызылған ағаш-бұта өсімдіктерінің ауру қоздырғыш саңырауқұлақтарына қатысты шет елдерде жарық көрген еңбектерден төмендегілерді келтіруге болады. С.А. Симонянның [45] көп жылдық зерттеуінің қорытындысы бойынша «Микрофлора ботанических садов и дендропарков Армянской ССР» (1981) атты кітабын жариялайды. Онда жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің 64 тұқымдасынан, 319 туыстың, 786 түрінен саңырауқұлақтардың түрлері табылған. Қытайдың таулы аудандарының бірінде монғол қарағайының [46] (*Pinus sylvestris var. mongolica*) *Coleosporium pulsatillae* тат саңырауқұлағымен зақымдалғаны анықталды. Белоруссияда қарағайдың шайыр ісігі ауруы кең таралған. Бұл аурудың қоздырғышы екі облигатты тат паразиттері болып табылады – *Cronartium flaccidum* Wint және *Peridermium pinii* Kleb [47]. Жаңа Зеландияда теректе [48] *Melampsora medusae* және *Melampsora populina* тат саңырауқұлақтары табылған. Бұл саңырауқұлақтардың Жаңа Зеландияда таралу себебін ауру қоздырғыштарының Тасманиядан соққан желмен тасымалдануымен байланыстырады. Осы саңырауқұлақ Ұлыбританияда кәдімгі талда (*Salix viminalis*) кездеседі.

Германияда, Францияда, Болгарияда, Ұлыбританияда [49, 50, 51, 52] көп жылғы зерттеулердің қорытындысы бойынша қара, көк теректердің, талдың (*Populus tremula* sp. *tremuloides*) *Melampsora magnusiana*, *M. populina* тат саңырауқұлақтарымен зақымдалғаны тіркелген.

Ресейдің қиыр шығысында жүргізілген микологиялық зерттеулер барысында Азбукина З.М [53] ағаш-бұта өсімдіктерінен 9 тұқымдасқа 27 туысқа 126 түрге жататын тат саңырауқұлақтарын анықтаған.

Белоруссия жерінде пероноспоралы саңырауқұлақтарының [57, 58] 55 жаңа түр сол жердің жағдайына бейімделген иелік-өсімдіктердің 109 жаңа түрінен анықталған. Сонымен қатар ақұнтақ саңырауқұлақтарының 7 туысының 29 түрін анықтаған.

Молдова жерінде [59] *Ribes* туысынан 9 класқа, 20 қатарға, 28 тұқымдасқа және 99 туысқа жататын саңырауқұлақтардың 126 түрі анықталған. Саңырауқұлақтардың 69 түрі үшін қарақат жаңа иелік-өсімдік болып тіркелген.

Аляскада [60] ағаш өсімдіктерінен жиналған саңырауқұлақтардың 254 түрі тіркелді, оның ішінде 151 түрі Аляска жерінде бірінші рет кездессе, ал 9 түрі Солтүстік Америкада бірінші рет анықталған.

Өзбекістанда [61] жабайы ағаш-бұта өсімдіктерінен 40 түрлі микромицеттер табылған.

Чех елінде [62] қылқандардың жаппай түсуін туындататын көптеген экономикалық шығын келтіретін өте зиянды ауру қоздырғышына *Lophodermium* sp. саңырауқұлағы жататыны белгілі.

Венгрияда [63] ормандарының қылқан жапырақты ағаштарына зерттеу жүргізу барысында саңырауқұлақтардың 40 түрі анықталған. Оның ішінде 10 түрі Венгрия жері үшін сирек кездесетін түрлерге жатады.

2001-2002 жылдары Минск қаласында [64] терек жапырағынан 8 түрлі патогенді саңырауқұлақтар табылған, олардың 7 туысқа, 6 тұқымдасқа және 6 қатарға жататыны анықталған. Оның ішінде ең көп кездескені *Uncinula aduncea*, *Melampsora populina*, *M. tremulae*.

1991-1997 жылдар аралығында Ленинград қаласының оңтүстігінде орналасқан 9 саябаққа жүргізілген микологиялық зерттеулер барысында [65] 48 туысқа, 13 қатарға 4 класқа жататын 80 түр анықталған. Оның ішінде саңырауқұлақтардың 57 түрі ағаш-бұта өсімдіктерінде кездескен. Кейбір иелік-өсімдіктерінде бірнеше паразиттік саңырауқұлақтар түрлері табылған.

Павлодар обылысының ағаш-бұта өсімдіктерінің ауру қоздырғыш саңырауқұлақтары жайлы бірен-саран ғана жұмыстар бар. Олар Т.М. Понамарева-ның «Грибные болезни основных пород деревьев в г. Павлодаре» /68/ және А.Б. Каденованың, Б.Х. Шаймарданованың, А.М. Акимованың «Видовой состав,

численность и фитопатологическое состояние деревьев и кустарников южной зоны города Павлодара» атты мақаласы мен «Практическое руководство по диагностике болезней и защите древесных растений Павлодарской области» оқу-әдістемелік құралдары [69, 70, 71, 72]. Бұл жұмыста ағаш-бұта өсімдіктерінің инвентаризациясы келтіріліп, олардың кейбір түрлерінің фитопатогенді бактериялар мен саңырауқұлақ ауру қоздырғышымен зақымдалуы жөнінде мәліметтер берілген. Бірақта келтірілген ауру қоздырғыш организмдердің дамуы туралы, биологиялық және экологиялық ерекшеліктері өсімдіктердің зақымдалу деңгейі қарастырылмаған.

Мұнан басқа облыс бойынша егілген ағаш-бұта өсімдіктерінің фитопатогенді саңырауқұлақтарына арналған марадымды жұмыстар әдебиеттерде кездеспейді. Ал осы облысқа жататын ірі өндірісті қалалардың, оның ішінде, Екібастұз бен Ақсу қалаларының жасыл желегінің фитосанитарлық жағдайлары туралы ешқандай да зерттеулер жүргізілмеген.

#### Әдебиет

1. Person C. Gene-for-gene relationship in host-parasite system //Can. J. of botany.1959. V.37.N5.P. 1101-1130.
2. Ячевский А.А. Основы микологии. М.л., 1933, 103.
3. Ванин С.И. Методы исследований грибных болезней леса поврежденных древесиной. //Л., Гослестехиздат, 1934. С. 24.
4. Регель А.Е. Ботаническая экскурсия в горы Каратау и Туркестан. Ведомости. //1876. – Т. 31. – С. 17-29.

5. Регель А.Е. Ботанические экскурсии от Ташкента до Кульджи. II // Туркистан. Ведомости, 1878. – т. 10. – С.11-13
6. Сорокин Д.М. Материалы для флоры Средней Азии II Бюл. Московского общества испыт. природы, 1884. – №2. – С.183-230.
7. Запрометов. Н.Г. Материалы по микрофлоре Средней Азии. Ташкент, 1926, вып. I, 1928, вып. II. – 31 С.
8. Головин П.Н. Грибы песчаных пустынь Средней Азии. Ташк., 1926, вып. I., 1928, вып. II. – 31 С.
9. Головин П.Н. Новые виды грибов Средней Азии. Ташк. Среднеоз. гос. университет, 1950. – Новая серия, вып. XIV, кн.6.
10. Мурашкинский К.Е., Зилинг М.К. Новые виды азиатской микрофлоры II. Тр. Сиб. Акад. и лесоводство. Омск, 1927. – Вып.5. – С.25-27. 1928. – Вып. 4. – С. 229 – 235.
11. Мурашкинский К.Е., Зилинг М.К. Новые виды западно – азиатской микрофлоры II. Материалы по микологии и фитопатологии. М. – л., 1926. – Т. 2. – С. 3-6.
12. Кравцев Б.И. Грибные болезни сибирской пихты. Омск.б 1933. – С.1-26.
13. Кравцев Б.И. Грибные болезни тяньшянской ели II Тр. Алма-Атинского заповедника. Алма-Ата, 1948. Вып. 7. – С. 26-131.
14. Кравцев Б.И. Грибные болезни дикой яблони II Тр. Алма-Атинского заповедника. Алма-Ата, 1948. Вып. 7. – С. 138-141.
15. Кравцев Б.И. Грибные болезни тополей в Казахстане «Известия Ан Каз ССР» Сер. Биологическая 1950, вып.5, С. 106-180.
16. Неводовский Г.С. Новые или малоизвестные виды казахстанской микрофлоры. Бот. Материалы Отд. Спорных растений БИН АН СССР, т. VI, вып. 7 – 12, М, – Л., 1950, С. 172-185.
17. Неводовский Г.С. Ржавчинные грибы. В кн.: Флора спорных растений Казахстана. Т. 1, Алма – ата, 195 б.
18. Неводовский Г.С. Несколько новых видов *Mycosphaerella*. Бот. Материалы Отд. Спорных растений БИН АН СССР; т. XIV, 1961, м. – л., Б. 169 -174.
19. Шварцман С.Р. «История и перспективы изучения низших растений в Казахстане. Известия АН Каз ССР», сер. биологическая, 1945, №2, С.44-50.
20. Шварцман С.Р. Грибные болезни древесных пород Казахстана и меры борьбы с ними Алма-Ата, 1950, С. 1-95.
21. Шварцман С.Р. Элементы микрофлоры Казахстана. Казахский гос. Университет к сороколетию Республики. Сб. научных статей, Алма-Ата, 1961, С.327-360.
22. Швацман С.Р. Спорные растения Казахстана. В кн.: «Ботаника в Казахстане». Сб.статей, посвященный Международному ботаническому конгрессу в Канаде. Алма-Ата, 1959, стр. 29-58.
23. Калымбетов Б.К. Микрофлоре Алма – Атинского ботанического сада. АН Каз ССР, т. III, Алма – Ата, 1956, С. 95 – 101.
24. Калымбетова Б. Микрофлоре Алма – Атинского ботанического сада АН Каз ССР. Тр Алма – Атинского ботанического сада АН Каз ССР, т. IV, Алма – Ата, 1959, С. 124-141.
25. Калымбетова Б. Материалы к флоре сумчатых грибов Зайлииского Алатау. Тр.Института ботаники АН Каз ССР, т. 7, Алма – Ата 1959, С. 269-367.
26. Калымбетов Б. Материалы к флоре сумчатых грибов Зайлинского Алатау. «Вестник АН Каз ССР,» 1962, №3, С. 46-53
27. Леонова Н.М. Грибы – разрушители шахтных креплений и меры борьбы с ними. Автореферат канд. Дисс. АН КАЗССР. Алма-Ата, 1950, С. 1-7.
28. Леонова Н.М. Грибы-разрушители деревянной крепи в подземных выработках и меры борьбы с ними. Алма-Ата, 1954, С. 1-56.
29. Писарева Н.Ф. К микрофлоре Актюбинской области. « Материалы по спорным растениям Казахстана ». Тр. Института бот. Ан Каз сср, т. 9, Алма – Ата, 1961, С, 197-220.
30. Васягина М.П. Новые виды гифомицетов Казахстана. «Известия Ан каз сср», сер биологическая, 1937, вып. 1. С. 100-108.
31. Васягина М.П. Новые виды казахстанской микрофлоры. Бот. Материалы. Отд. спорных растений БИН АН СССР, т. XII, М. – Л., 1959, С. 159 – 161.
32. Васягина М.П. Мучнисто – росяные грибы Тарбагатая. Тр. Института Ботаники АН каз сср, т. 9, Алма–Ата, 1961, С. 180-196.
33. Кузнецова М.Н. *Uncinula ulmi* Kuzhetzova. В статье Б.И. Кравцева «Грибные болезни тополей в Казахстане » «Известия АН Каз сср.,» сер биологическая, 1950, вып. 5, Алма – Ата, С. 120-121.
34. Бызова З.М. К микрофлоре Чу – Илийских гор. В кн.: « Материалы к флоре и растительности Казахстана . Тр. Инст. Ботаники АН Каз ССР, т. 11, Алма – Ата, 1961, С. 210 – 240.
35. Таргенова М. К весенней микрофлоре Южных Кызылкумов. Тр Института ботаники АН Каз ССР, т.9, Алма-Ата, 1\*61, С. 124-133.
36. Таргенова М. *Phoma abietella-sibirica* S. Schwarzman- паразит пихты сибирской. В сб.: «Материалы первого координационного совещания микологов республик Средней Азии и Казахстана». Фрунзе, 1960, С. 78-88.

37. Казенас Л.Д. Болезни плодовых и ягодных культур Алма – Атинской зон плодоводства. Тр. Республиканской станции защиты растений, т.1. Алма – Ата 1953, С. 179-257.
38. Казенас Л.Д. Список болезней сельскохозяйственных растений Казахстана. Тр. Республиканской станции защиты растений, т. III, Алма–Ата, 1956, С. 216-240.
39. Казенас Л.Д. Первое дополнение к списку болезней сельскохозяйственных растений Казахстана. Тр. научно исследовательского института защита растений, т. IV, Уральск, 1958, С. 74-86.
40. Казенас Л.Д. Дополнительные сведения о ржавчинных грибов Казахстана. Тр. Научно – исследовательского института защиты растений, т. IV, Уральск, 1958, С. 87-95.
41. Казенас Л.Д. Новые виды ржавчинных грибов Казахстана. Бот. Материалы Отд. Спорыных растений БИН АН СССР, т. XXI, м. – л, 1959, С. 230 – 233.
42. Матвеева В.К. Мучнистая роса дуба и меры борьбы с ней горах и пригорьях Зайлинского Алатау Алма – Атинской области. Автореферат канд. Дисс. Каз. Гос. Сельскохозяйственный институт Алма – Ата, 1953.
43. Матвеева В.К. материалы к познанию мучнисторосяных грибов. Тр Каз гос. Сельскохозяйственного института, т. 5, вып. 1, Алма – ата 1955, С. 305-308.
44. Матвеева В. К. Болезни березы Алма – Атинской области. Науч – иссл. Института защиты растений, т. IV, Уральск, 195. стр 96-103.
45. Симонян С.А. Мучнисто- росяные грибы Армении. – Ереван: Изд. АН Армении, 1994. – 384 С.
46. J.North – East. Univ. Observation of frust acerose leaves of Mongolian. – 1994. – 22, №6. 7-12. – Кит.
47. Ярмолович В.А. Экспозиция раковых язв на сосне обыкновенной.// Лес, наука, молодежь: Материалы Международной научной конференции молодых ученых., Гомель, 1999. –С. 187-189.
48. MC Kenzie. E.H. C. Rust fungi of New Zealand: // 5 th Interh. Mycol. Condr., Vancouver, August 14-21, 1994: Abstr: – Vancouver, 1999. – С. 138.
49. Liesebcch Mirko, Stephan Bruno Richard. Fungi and vermin affection of aspen in plantations with brachytic whorl felling. // Mitt. Biol. Bundesanst. Land- und Forstwirt. Berlin-Dahlem. – 1995. – № 310. – С. 141-148.
50. Servant H. Poplar rust. // Bull. Soc. Forest. Franche-Comte et prov. Est. – 1998. – 48, №3. – С. 153-157.
51. Найденов Янчо. Бенчева Соня. Исследование распространения ржавчинных болезней на тополях и ивах в Болгарии. // Нац, науч, тех, конф, по лесозащита. София, 24 март, 1992 С. 37-43.
52. Pei M.H., Royle D. J., Hunter T. Comparative observation of infecting bole and leaves of *Salix viminalis* in Great Britain. // Mycol. Res.. – 1995. – 99, – № 3. – С. 357-363.
53. Азбукина З.М. Распространения и значение ржавчинных грибов в лесных экосистемах Российского Дальнего Востока. Материалы международной конф – ции, 5 – 7 сент., 2001.– Владивосток, 186-188.
54. Tanda Seinosuka, Nomura Yukihiro, Shibata Hitoshi. Farinose fungi on new hosts of Japan. // Tokyo nogyodaigaku nogaku shuno = J. Agr. Sci. – 19957 – 39, №4, – С. 258-272.
55. Wolczanska Agata, Mullenko Wieslaw. New gather of farinose fungi in Poland. // Pol. Bot. J. – 2002. – 47, №2. – С. 215-222.
56. Гирилович И.С., Лемеза Н.А, Шуканов А.С. Новые виды пероноспорных грибов и их питающих растений в условиях Белоруси. // Вестн. Белорус. Гос. Ун-та. Сер.2. – 1993. – № 3. – С. 25-29.
57. Гирилович И.С., Лемеза Н.А Мучнисторосяные грибы деревьев и кустарников произрастающих на территории Минска // Весті Ан Белорусі. Сер. Біел. Н. – 1996. – №2. – С. 71-76.
58. Стефанович А.И. Развитие патогенных микромицетов на листьях тополей. // Вест. Белорус.гос. ун-тет. Сер. 2.-1998. – № 3. – С. 40-41.
59. Stratu R., Popushoi L. Blask currant fungi of Moldavia. // 5 Intern. Mycol. Congr., Vancouver, August 14-21, 1994. – С. 1-46.
60. Volk. Thomas J. Burdsall Harold H. ( Jr ). List of species and index on hosts of timberdwelling Alaska fungi. // Mycotaxon. – 1994. – 52, №4. – С.1-46.
61. Мельник В.А. Микромицеты окрестностей Юсупханы (Узбекистан). // Микология и фитопатология. – 1995. – 29, №4. – С. 20-21.
62. Jan kovs Ky Libor. Quarantine affection of forest trees and plant protection in Czech Republic.// Les.pr. – 1998. – 77.№ 10. – С. 371-373.
63. Szabo Jlon. Fungi, causing the disease of leaves of forest-breed trees. // Novenyvedelem. – 2002. – 38, .№ 11. – С.581-585.
64. Khrantsov A.K. Pathogenic fungi on poplar leaves in trees and shrubs of Minsk. // Mitt. Jnst. Seefisch. Bundestorschungsanst. Fisch., Hamburg. – 2003. – .№394.
65. Тихомирова И.И., Тобиос А. В. Микромицеты растений в садах и парках Санкт-Петербурга. // Микология и фитопатология, – 1999. – 33, №2. – С. 87-94.
66. Михалева Л.Г. // Лес и вечная мезлота: Сборник научных трудов / Якут. гос. ун-т.- Якутск, 2000. – С. 66-70.

67. Бильдер И. В. Микробицеты деревьев и кустарников еловых лесов Северного Кыргызстана. // Микология и фитопатология. – 2001. – 35, №4. – С. 11-16.

68. Пономарева Т.М., С.А. Абиев., Бызова З.М. Грибные болезни основных пород деревьев в г. Павлодаре. Вестник КазГУ, серия биологическая, №2, 2001.

69. Каденова А.Б., Бексеитов Т.К., Камкин В. А. Видовой состав, численность и фитопатологическое состояние деревьев и кустарников южной зоны города Павлодара. Вестник ПГУ, серия биолого-химическая, г.Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2004, №2 – С. 58-65.

70. Каденова А.Б., Баетова А.Х. Инвентаризация деревьев и кустарников г.Павлодара. Материалы научной конференции молодых ученых, студентов и школьников. «3 Сагпаевские чтения» Павлодар. ПГУ. 2003. Т.6, С. 62-64.

71. Каденова А.Б., Камкин В.А. Материалы Республиканской конференции молодых ученых, студентов и школьников. «4 Сагпаевские чтения» Павлодар. ПГУ. 2004. С. – 233-237.

72. Каденова А.Б., Шаймарданова Б.Х., Бексеитов Т.К., Акимова А.М. Практическое руководство по защите древесных растений Павлодарской области. – Павлодар: ПГУ. – 43 С.

### **Исследование фитопатогенных грибов деревьев-кустарников в Казахстане**

#### *Аннотация*

*В данной статье приводится литературный обзор исследования фитопатогенных грибов в Казахстане. Роль растений в городе является многофункциональной: снижают уровень углекислого газа в атмосфере и выделяют кислород, они отлично поглощают шум города который производится автомобильным транспортом, сокращают скорость ветра, задерживают пыль и отлично украшают город. На сегодняшний день, во время планировки городских и сельских строителей рассматриваются строгие экологические законы и параметры. Одним из них является массовое озеленение городов и сел*

*Основную роль в озеленении играют древесные растения, а также кустарники и тарвы. Растения для городского озеленения сокращают негативные воздействия как появления фитопатогенных грибов. Для предотвращения развития фитопатогенных грибов необходимо исследовать их видовой состав, законы распространения а также степень их разрушения деревьев и кустарников.*

*Ключевые слова: фитопатогенные грибы, микробицеты, деревья-кустарники*

### ***The study of phytopathogenic fungi of the trees-bushes in Kazakhstan***

#### *Summary*

*This article provides a literary review of the study of phytopathogenic fungi in Kazakhstan. The role of plants in the city is multifunctional: reduce the level of carbon dioxide in the atmosphere and release oxygen, they perfectly absorb the noise of the city which is produced by road, reduce wind speed, retain dust and perfectly decorate the city. Nowadays, during the planning of urban and rural construction, strict environmental laws and parameters are considered. One of them is the massive greening of cities and villages. A major role to play in planting, woody plants and bushes and tally. Plants for urban gardening reduce the negative effects as the appearance of phytopathogenic fungi. To prevent the development of phytopathogenic fungi, it is necessary to study their species composition, the laws of distribution and the degree of their destruction of trees and bushes.*

*Key words: phytopathogenic fungi, micromycetes, shrub trees*

МРНТИ: 34.29.15

## ІРІ ӨНДІРІС ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ АҒАШ-БҰТАЛАРДЫҢ ФИТОПАТОГЕНДІ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРЫНЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ

**Г. Маденали А. Таскын**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет, Павлодар қ.*

### *Аңдатпа*

*Ағаш саңырауқұлақтары орман экосистемасының айырылмас бірі бөлігі болып табылады. Олардың арасында фитопатогенді және сапротрофты түрлері бар. Қазақстанның ірі өндіріс қалаларындағы биотасына жалпы. Фитопатогендер саңырауқұлақтары алма ағаштарында және алмұртта көптеп кездесетіні айқын болды. Жүргізілген зерттеу жұмысын қорытындылай келесі нәтижелер алынды Павлодар облысының ірі өндірісті қалаларының жасыл соңғы желегінен 6 қатарға, 19 туысқа, 60 түрге жататын фитопатогенді саңырауқұлақтар анықталды. Фитопатогенді саңырауқұлақтардың жүйелік құрамы талданып, Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының жасыл желегінің микрофлорасы салыстырмалы түрғыда зерттелді. Осы фитопатогенді саңырауқұлақтар 21 түрге, 12 туысқа жататын ағаш өсімдіктерінде, 15 түрге, 9 туысқа жататын бұта өсімдіктерінде анықталды. Оның ішінде 6 туысы, 10 түрі Қазақстан үшін жаңа иелік өсімдіктер.*

*Түйінді сөздер: Фитопатогенді саңырауқұлақтар, микромицеттер.*

Қаладағы ауаны әртүрлі зиянды қоспалардан тазартуда, оттегімен байыта түсуде, жаздың ыстық аптаптарында ауаның ылғалын арттырып, көлеңкені көбейтуде, шуылды бәсеңдетуде, жалпы қаланың сәнін келтіріп, көркін ашуда жасыл желектің алатын орны ерекше [1, 2].

Бүгінгі таңда елді мекендердің, әсіресе ірі қалалардың құрылысын жоспарлағанда оларға қатаң экологиялық талаптар қойылады. Мұның ең бастыларының біріне жан-жақты ғылыми тұрғыдан ойластырылған көгалдандыру жұмыстары жатады [3, 4].

Қаладағы сан-алуан ағаш-бұталардың, сәндік гүлді өсімдіктердің адам игілігіне ұзақ жыл қызмет етуі үшін оларды тек тиісті дәрежеде күтіп-баптап қана қоймай, әртүрлі аурулар мен зиянкестерден қорғап отыру қажет. Ол үшін өсімдіктің түріне, жасына, тіршілік ортасына қарай ондағы зиянды организмдердің түрлік құрамын, пайда болу, таралу ерекшеліктерін, зияндылық деңгейін анықтаудың маңызы зор [5, 6].

### **Зерттеу әдістері**

Жұмыстың зер заттарына 2018 жыл аралығында автордың жинаған Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының ағаш-бұта өсімдіктерінің паразитті саңырауқұлақтары мен олардың зақымданған мүшелерінен жинаған гербарилар мен саңырауқұлақтардың жемісті денелері және споралары жатады. Олар вегетациялық мерзім кезінде, маршруттық әдіспен жиналды. Барлығы 1500 тарта ағаш-бұта өсімдіктерінен жиналған бұл гербарилар С.Торайғыров атын-

дағы ПМУ-нің «экология» кафедрасының зертханасында сақтаулы.

Фитопатогенді саңырауқұлақтарды жинау және зерттеу барысында жалпы микологиялық әдістермен бірге төмендегідей авторлардың жұмыстары, анықтағыштары пайдаланылды; Ainsworth G.C., Sampson K., Bisby G.R., C.P. Шварцман, А.А. Ячевский, Л.И. Курсанов, Т.Л. Николаева, Д.Н. Тетеревникова-Бабаян. Жекелеген туыстарды анықтауда; E. Parmasto, P.A. Saccardo, Я.И. Корбонскаяның, В.А. Траншельдің анықтағыштары қолданылды [8].

Фитопатогенді саңырауқұлақтарының жемісті денесін, жіпшумағын, спораларын, өсімдіктің ауруға шалдыққан ұлпаларын зерттеу үшін МБР-3 микроскопы және МБС-1 макроскопиялық бинокуляр пайдаланылды. Сондай-ақ ағаштың ұшар басындағы бұтақ, жапырақтарының күйін анықтауға дүрбі және өрт сөндіргіш сатылар қолданылды.

Саңырауқұлақтардың және иелік өсімдіктердің түрлерін анықтау ҒБМ Алматы қаласының «Ботаника және фитоинтродукция» институтының, «Төменгі сатыдағы споралы өсімдіктер» зертханасының мамандарымен бірігіп жүргізілді.

Ұлпалардың ауруға байланысты өзгеруін дифференсациялы бояуды қолданып И.И. Ваниннің әдісі арқылы зерттедік. Кәдімгі шюттені анықтау үшін ұзынан жарылған қылқанды бірнеше минутқа этил спиртіне салып қойып, содан соң сумен шайып, 1%-тік көк

анилинге және сүтқышқылы ертіндісіне салып кесінділерді буланғанша қыздырып, бояуынан фильтр қағазының көмегімен тазартып қарадық. Осындай өңдеуден кейін саңырауқұлақтың гифтері көк түске боялып, ұлпадан бөлек айқын көрінеді.

Жартылай облигатты саңырауқұлақтарды зерттеуде, жасанды қоректік орталарды, ылғалды камералар мен термостаттарды пайдаландық. Ылғалды камера әдісін қолданып өсімдіктің зақымданған бөлігінен саңырауқұлақты бөліп алып зерттедік. Ол өсімдіктің ұлпасының ішіндегі жіпшумағы ылғалды жағдайдың арқасында сыртқа шығып спора түзуіне ықпал жасайды. Бұл әдіс стерилді жағдайды қажет етпейтіндіктен, жапырақтың, бұтақтың, тұқымның, қылқанның ауруларын зерттеуде пайдаландық.

Фитопатогенді саңырауқұлақтардың жемісті денелерін, өсінділерірін, қалтасын, спорасын көріп, анықтауда И.И. Журавлевтың әдісін қолдандық. Өсімдіктердің зақымдану дәрежесін анықтау 6 баллдық шкаланы қолдану арқылы Ю.В. Синадский әдістемесі негізінде жүргізілді.

Фитопатогенді саңырауқұлақтардың маусымдық динамикасы, олардың әр жылдағы даму деңгейі мұндағы ауайы, жауын-шашын мөлшерімен байланысы тұрғысында зерттелді. Ол үшін қажет мәліметтер Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларында орналасқан метеорологиялық стансаларынан алынды. Өсімдіктерді қорғау барысында төмен-

дегідей жолдарды қарастырдық: Фитосанитарлық жол. Ауруға берік өсімдік түрлерін пайдалану. Өсімдіктерді күтіп-баптау. Ауру қоздырғыштарға қарсы химиялық тәсілдерді қолдану.

Павлодар қаласында Қара теректің (*Populus nigra* L.) цитоспороз ауруына қарсы қолданылған препараттардың тиімділігін зерттеу төмендегіше жүргізілді. Әдебиеттерді талдау барысында және Павлодар қаласы «Фитосанитария» мекемесінің қорындағы фунгицидтердің сипаттамаларымен таныса келе үш түрлі препараттар таңдап алынды. Олардан тиісті концентрациядағы судағы ерітінділер дайындалды. Осы препараттармен Қара теректі цитоспорозға қарсы 1-ші рет өңдеу аурудың алғашқы симптомы байқалған күннен жеті күннен кейін, келесі өңдеулер де арасына 7 тәуліктен салып жүргізіліп отырылды. Бақылау ретінде қоспасыз таза суды алынды. Бұл жұмыс Павлодар қаласының өсімдік қорғау мекемесімен бірге жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларында орналасқан «Қаланы көгалдандыру» мекемелерінен отырғызылған ағаш-бұта өсімдіктерінің түрлері жөніндегі мәліметтер жинақталып алынды.

Зерттеулер қорытындысы бойынша 12 туысқа, 17 түрге жататын ағаш тектес, 9 туысқа, 11 түрге жататын бұта өсімдіктерінен, 19 туысқа, 60 түрге жататын фитопатогенді саңырауқұлақтар анықталды (1-кесте). Ауруға шалдыққан өсімдіктер ішінде 6 туысқа жататын 10

түрі жаңа иелік өсімдік. Фитопатогенді саңырауқұлақтардың тұқымдасы, туысы, түрі бойынша жүйелік талдау «Флора споровых растений Казахстана» атты томдарда [98, 99, 100] көрсетілген жүйе бойынша жасалды.

Павлодар қаласында отырғызылған ағаш-бұта өсімдіктеріндегі фитопатогенді саңырауқұлақтар қатарларының түрлік құрамы төмендегідей.

Erysiphales қатарына жататын 19 түр (*Leveillula taurica* Arnaud f. *elaeagni* Jacz, иелік өсімдігі – *Elaeagnus oxycarpa* Schlecht.; *Microsphaera betulae* Magnus., иелік өсімдігі – *Betula tianschanica* Rupr.; *Microsphaera vanbruntiana* Ger., Bull., иелік өсімдігі – *Sambucus racemosa* L.; *Microsphaera* sp., иелік өсімдігі – *Populus alba* L.; *Microsphaera penicillata* (Wallroth) Leveille., иелік өсімдігі – *Ulmus pinnato-ramosa* Dieck.; *Microsphaera syringae-japonicae* Brau, Mycotaxon., иелік өсімдігі – *Syringa* sp.; *Microsphaera* sp., иелік өсімдігі – *Vitis* sp.; *Microsphaera grossulariae* Leveille., иелік өсімдігі – *Grossularia* sp.; *Microsphaera berberidis* (DC.) Leveille., иелік өсімдігі – *Berberis* sp.; *Microsphaera Hedwigii* Leveille., иелік өсімдігі – *Viburnum opulus* L.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *salicis* Jacz., иелік өсімдігі – *Salix* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *populi* Jacz., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *betulae* Thuemen., иелік өсімдігі – *Betula* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *mali* Kalymbetov f., иелік өсімдігі – *Malus domestica* Borkh.; *Sphaerotheca mors uvae*



(Schwein)., иелік өсімдігі – *Grossularia reclinata* (L.) Mill.; *Uncinula salicis* Winter f. *populorum* Rabenhorst., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.; *Uncinula* sp., иелік өсімдігі – *Ribes* sp.; *Podosphaera oxycanthae* De Bary f. *sorbi* Jacz., иелік өсімдігі – *Sorbus* sp.

Uredinales қатарына жататын 6 түр (*Melampsora magnusiana* G. Magn., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.; *Melampsora salicina* Lev., иелік өсімдігі – *Salix alba* L.; *Melampsora populina* (Pers.) Lev., иелік өсімдігі – *Populus italica* Maench.; *Phragmidium disciflorum* (Tode) James., иелік өсімдігі – *Rosa* s.; *Phragmidium rubi-idaei* (Pers.) Karst., иелік өсімдігі- *Rubus idaeus* L.; *Gymnoconia peckiana* (Home) Trott., иелік өсімдігі – *Rubus idaeus* L.; *Peridermium pini* (Wild) Lew. Et. Kled., иелік өсімдігі. – *Pinus sylvestris* L).

Sphaeropsidales қатарына жататын 5 түр (*Cytospora salicis* (cda.) Rad., иелік өсімдігі – *Salix alba* L.; *Cytospora pseudoplatani* Sacc.Syll., иелік өсімдігі – *Acer negundo* L.; *Phyllosticta betulicola* (Oudem)., иелік өсімдігі – *Betula pendula* L.; *Cenangium abietis* (Pers)., иелік өсімдігі – *Pinus sylvestris* L).

Melanconiales қатарына жататын 10 түр (*Marssonina ribicola* (ELL. et.EV)., иелік өсімдігі – *Ribes* sp.; *Cylindrosporium pruinosum* (Zapremetov) Vassil., иелік өсімдігі – *Populus tremula* L.; *Cylindrosporium Ulmi* (Fr.) Vassil., иелік өсімдігі – *Ulmus pinnato-ramosa* Dieck.; *Cylindrosporium pseudoplatani* (Rob.et Desm.)., иелік өсімдігі – *Aser negundo* L.; *Gloeosporium salicis* Wtstend.

Herb., иелік өсімдігі – *Salix alba* L.; *Gloeosporium* sp., иелік өсімдігі – *Populus alba* L.; *Gloeosporium betulinum* West., иелік өсімдігі – *Betula pendula* Roth.; *Gloeosporium ribies* Mont., иелік өсімдігі – *Ribes* sp.

Hypocreales (*Nectria galligena* Bres., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.) және Phacidiales (*Lophodermium pinastri* Gen., иелік өсімдігі – *Pinus sylvestris* L.) қатарларына жататын бір-бір түрлер анықталды. Жалпы Павлодар қаласы бойынша анықталған түрлер саны-42 түр.

Ақсу қаласындағы жасыл желек-тегі анықталған фитопатогенді саңырау-құлақтар қатарларының түрлер санына тоқталсақ: Erysiphales – 8 түр (*Leveillula taurica* Arnaud f. *elaeagni* Jacz, иелік өсімдігі – *Elaeagnus oxycarpa* Schlecht.; *Microsphaera syringae* – *japonicae*., иелік өсімдігі – *Syringa* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *ribesii* Jasz., иелік өсімдігі – *Ribes* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *syringae* Jacz., иелік өсімдігі- *Syringa vulgaris* L.; *Sphaerotheca pannosa* Leveille., иелік өсімдігі – *Rosa spinosissima* L.; *Uncinula* sp., иелік өсімдігі- *Elaeagnus oxycarpa* Schlecht.; *Uncinula clandestina* Schroeter., иелік өсімдігі – *Ulmus pinnato* – *ramosa* Dieck.; *Podosphaera tridactyla* De Bary f. *padi* Jacz., иелік өсімдігі – *Padus racemosa* (Lam.) Gilib);

Uredinales – 3 түр (*Phragmidium disciflorum* (Tode James)., иелік өсімдігі – *Rosa* sp.; *Melampsora salicina* Lev., иелік өсімдігі – *Salix alba* L.; *Peridermium pini* (Wild) Lew. Et. Kleb., иелік өсімдігі. – *Pinus sylvestris* L);

Melanconiales – 3 түр (*Marssonina populi* (Lib.) Magn., иелік өсімдігі – *Populus alba* L.; *Cylindrosporium salicinum* (Peck) Dearn., иелік өсімдігі – *Salix* sp.; *Gloeosporium acericolum* Allesch., иелік өсімдігі – *Acer tataricum* L);

Sphaeropsidales қатары бойынша – 1 түр (*Phyllosticta rosarum* Pass. Erb. Critt., иелік өсімдігі – *Rosa oxyacantha* M.B) кездесті. Қалған Нуроcreales және Phacidiales қатарының өкілдері кездескен жоқ. Жалпы Ақсу қаласы бойынша анықталғаны 15 түр.

Екібастұз қаласындағы отырғызылған өсімдіктердегі анықталған фитопатогенді саңырауқұлақтар қатарларының түрлік құрамы мынаны көрсетті: Erysiphales – 9 түр (*Leveillula taurica* Arnaud f. *caraganae* Domaschova., иелік өсімдігі – *Caragana arborescens* Lam.; *Microsphaera syringae* – *japonicae* Brau., Mucotaxon., иелік өсімдігі – *Syringa* sp.; *Microsphaera berberidis* DC Leveille., иелік өсімдігі – *Berberis* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *betulae* Thuemen., иелік өсімдігі – *Betula* sp.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *ulmi* Jacz., иелік өсімдігі – *Ulmus pinnato* – *ramosa* Dieck.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *elaegnii* Jacz, иелік өсімдігі – *Elaeagnus oxycarpa* Schlecht.; *Phyllactinia suffulta* Saccardo f. *fraxini* DC., иелік өсімдігі-*Fraxinus excelsior* L.; *Uncinula aceris* Saccardo., иелік өсімдігі – *Acer negundo* L.; *Trichocladia caraganae* Neger., иелік өсімдігі – *Caragana arborescens* Lam.; *Podosphaera oxyacanthae* De Bary f.

*crataegi* Jacz., иелік өсімдігі – *Crataegus sanguinea* (Pall);

Uredinales – 2 түр (*Melampsorium betuinum* (Pers.) Kleb., иелік өсімдігі – *Betula pendula* Roth.; *Peridermium pini* (Wild) Lew. Et. Kled., иелік өсімдігі. – *Pinus sylvestris* L);

Sphaeropsidales – 2 түр (*Cytospora salicis* (cda.) Rad., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.; *Phyllosticta populina* Sacc. Mich., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.); *Phyllosticta platanoidis* Sacc Mich., иелік өсімдігі – *Acer negundo* L, ал Melanconiales (*Cylindrosporium betulae* Davis., иелік өсімдігі – *Betula* sp); Нуроcreales (*Nectria galligena* Bres., иелік өсімдігі – *Populus nigra* L.) қатарлары бір-бір түрмен шектелді.

Phacidiales (*Lophodermium pinastri* Gen., иелік өсімдігі – *Pinus sylvestris* L.) қатарларына жататын бір-бір түрлер анықталды. Жалпы Екібастұз қаласы бойынша анықталған түрлер саны-16.

Осы үш қаланың ағаш-бұталарында анықталған туыстар құрамында фитопатогенді саңырауқұлақтардың түрлік құрамын салыстыра қарастырсақ Erysiphales қатары бойынша Павлодарда-19, Ақсуда – 8, Екібастұзда – 9 түр анықталды. Uredinales қатары бойынша Павлодарда – 6, Ақсуда – 3, Екібастұзда-2 түр кездесті. Melanconiales қатары бойынша Павлодарда – 10, Ақсуда – 3, Екібастұзда – 1 түр кездесті. Sphaeropsidales қатары бойынша Павлодарда – 5, Ақсуда – 1, Екібастұзда – 2 түр кездесті. Қалған қатарлар: Phacidiales және Нуроcreales Павлодар мен Екібастұзда 1 түрден кездессе, Ақсуда анықталған жоқ.

*2-кесте Анықталған фитопатогенді саңырауқұлақтардың қатарлары мен туыстарының түрлік құрамдары*

р/н	Қатарлар	Туыстар	Түрлер саны		
			Павлодар	Ақсу	Екібастұз
1	Erysiphales	1.Leveillula	1	1	1
		2.Microsphaera	9	1	1
		3.Phyllactinia	4	2	4
		4.Sphaerotheca	1	1	-
		5.Uncinula	2	2	1
		6.Trichocloдия	-	-	1
		7.Podospaera	2	1	1
2	Uredinales	1.Melampsora	3	1	1
		2.Phragmidium	1	1	-
		3.Gymnoconia	1	-	-
		4.Peridermium	1	1	1
3	Melanconiales	1.Marssonina	1	1	
		2.Cylindrosporium	4	1	-
		3.Gloeosporium	5	1	-
	Sphaeropsidales	1 Cytospora	1	-	-
		2 Phyllosticta	3	1	1
		3. Cenangium	1	-	1
4	Нуроcreales	1. Nectria	1	-	1
5	Phacidiales	1.Lophodermium	1	-	1
Барлығы			42	15	16

*Әдебиет*

1. Бекенова Ш.Ш., Усманова П.И. Карантиндік нысандарды анықтау және есепке алу. – Астана: С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ баспасы, 2016. – 160 б.

2. Ажбенов В.К., Исенжулов Б.А., Койшибаев М.К., и др. Рекомендации по защите зерновых культур от вредителей, болезней и сорняков в Целиноградской области. – Целиноград, 1991. – 115с.

3. Интернет-ресурс <http://www.syngenta.com> интернет желісі.

4. Обзор распространения карантинных объектов в Республике Казахстан в 2011 году подготовлен специалистами Жамбылского областного филиала ГУ «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогноза». – Астана, 2011. – 110с.

5. Обзор распространения вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных культур в 2015 году и прогноз их появления в 2016 году. – Астана, 2016. –58с.

6. Қазақстан Республикасында 2013-2022 жылдарда қолданылуға рұқсат етілген пестицидтер тізімі. – 118б.

7. Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» Мемлекеттік мекемесінің Жамбыл облысының облыстық филиалының жылдық есебі, карантиндік нысандарға қарсы мониторинг жұмыстары. – Астана, 2015.

8. Қазақстан Республикасы территориясында таралған ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянды организмдерінің ішіндегі карантиндік маңызы бар зиянды организмдер туралы анықтама. – Алматы, 2008.

**Видовой состав фитопатогенных грибов деревьев-кустарников в крупных производственных городах**

**Species composition of phytopathogenic fungi of bush trees in major industrial cities**

*Аннотация*

Древоразрушающие грибы являются неотъемлемой частью лесных экосистем. Грибы, разрушающие древесину, состоят из гифов – тончайших нитей, которые не видны невооруженным глазом. В этом и состоит опасность – на начальном этапе поражения древесины грибом Вы не сможете определить его наличие. Наиболее широко группа фитопатогенных грибов представлена на яблонях и грушах, а меньшее количество в кленах. В результате исследования были получены следующие результаты: 60 видов патогенных грибов относящихся к 19 семействам и 6 рядам. Сравнительно изучали микофлору трех городов Павлодар, Аксу, Екибастуз. Среди них древоразрушающие грибы: 21 вид которые относятся к 12 семействам, 15 видов относящихся к 9 семействам. Среди них 6 семейств, 10 видов ранее не изучались в Казахстане .

*Ключевые слова:* Фитопатогенные грибы, микромицеты

*Summary*

Wood-destroying fungi are an integral part of forest ecosystems. Wood-destroying fungi are made up of hyphae, the finest threads that are not visible to the naked eye. This is the danger – at the initial stage of wood damage by a fungus, you will not be able to determine its presence. The group of phytopathogenic fungi is most widely represented on apples and pears, and a smaller number in maples. As a result of the study, the following results were obtained: 60 species of pathogenous fungi belonging to 19 families and 6 rows. Comparatively studied the microflora of the three cities of Pavlodar, Aksu, Ekibastuz. Among them are wood-destroying fungi: 21 species that belong to 12 families, 15 species belonging to 9 families. Among them, 6 families, 10 species have not previously

*Key words:* Phytopathology fungi, micromycetes

**МИКРООРГАНИЗМЫ, ВЫЗЫВАЮЩИЕ БОЛЕЗНИ  
САХАРНОЙ СВЕКЛЫ**

**Г.Т. Дүйсенова, Б.С. Атабаева, А.Ж. Сабырхан,  
А.Б. Ермаханова, С.С. Ануарбекова,**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет, Павлодар қ.*

**Аннотация**

